

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 86 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 3 желтоқсан N 86а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 86 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-қосымшадағы 6-тармақ кестесінің "Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Жабдықтар сатып алуға теңдер жарияланады. Мыналарды сатып алу: көшіру-көбейту техникасының шығыстық және тез тозатын бөлшектер жиынтығымен 6 машина, 134 компьютер, 141 принтер, 72 сканер-көшіргіш, конгресс-жүйелер ақпаратын көрсетуге арналған 3 экран, Парламенттің жергілікті компьютерлік желісін қайта жаңарту мен әкімшіліктендіруге арналған жабдықтар мен бағдарламалық өнім жиынтығы, "Құжат айналымы" жүйесін құруға арналған бір базалық бағдарламалық өнім."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі